

№34 көп салалы мектеп-гимназиясы

Қамқоршылық кеңес отырысының

№5 Хаттамасы

Атырау қаласы

28.12.2021ж

Катысқандар 9

1. Баємирова Айнур-камқоршылық кеңесінің төрайымы
2. Бактыгерева Айнагүл-мүшесі
3. Койбакова Сандугаш-мүшесі
4. Сарсенов Рафик-мүшесі
5. Катешова Ағиба-мүшесі
6. Сактанов Ерлан-мүшесі
7. Ботагариева Гулшат-мүшесі
8. Ахметова Айнагүл-мүшесі
9. Тобжанова Салтанат-мүшесі

Күн тәртібінде

1. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға қолдау және көмек көрсету.
2. Жаңа жылдық мерекеге орай мектептен бір оқушыны Президенттік шыршаға қатыстыру. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды жаңа жылдық тәтті сыйлықпен қамтамасыз ету. Қалалық білім беру бөлімі жанынан оқушыларға тәтті сыйлық тарату
3. Мектеп бойынша медбикенің жасалған жұмыстарына есеп беру
4. Оқушылардың құқықтарын қоғалуы туралы өткізілген дөңгелек үстелден ақпарат беру.

Мектептің директоры: О.Хуандыкова сөз алды: Мектебімізге 24 желтоқсан 2021 жылы 4 499 992,00 (төрт миллион төрт жүз тоқсан тоғызы мың тоғызы жүз тоқсан екі мың) НВП кабинеті алынды. Мектебімізде ерекше білімді қажет ететін 9 оқушы отыр. Оның ішінде үйден оқитын оқушы 5 болса жалпы сыныпта отырып білім алып отырған ерекше білімді қажет ететін оқушы саны-4. Мектеп жанынан осы оқушыларға мектеп тарапынан психологиялық қолдау жұмыстары уақытылы жүргізіліп тұрады. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды әр-түрлі сайыстарға қатыстырып, қалалық білім бөлімінен марапат иелері болып отыр. Мектептің педагог-асистенті Зиманов Қуаныш 8 сынып оқушысы Тұлыбаев Абдирахиммен тығыз жұмыс жасап, оқушының бойында жақсы игі қасиеттер және білімге деген құштарлығы жоғарлады. Мектептің әлеуметтік педагогы А.Кадыржанова 8 сынып оқушысы Қанатбаев Асылжанның бойында

қолөнерге деген ынтасын байқап осы оқушымен тығыз жұмыс жасалды. Комиссия мүшелері үйден оқитын оқушылардың үйін зерделеп, ата-аналарымен сұхбаттасып қолдау көрсетіп отыр. Үйден оқитын екі оқушымызға мектеп тарапынан ноутбук құрылғысы берілді.

Қалалық білім бөлімі 2021 жылғы 09 желтоқсан айындағы хатына сәйкес Президенттік Жаңа жылдық шыршаға қатысуға үміткер 6-13 жас аралығындағы жетім және ата-ана қамқорлығының қалған, аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан балаларды ұйымдастыру туралы хатпен таныстырды. Осы хатқа сүйене отырып, қамқоршылықта тәрбеленіп отырған бд сынып оқушысы Приданова Нина Президенттік шыршаға қатыстырылды. Қалалық білім бөлімі жанынан 26 желтоқсан 2021 жылы аз қамтылған отбасынан шыққан 15 оқушыға тәтті сыйлық және 29 желтоқсан 2021 жылы ерекше білімді қажет ететін 9 оқушыға тәтті сыйлық берілді.






Мектептің медбике қызметкері Г.Көшкімбаеваның есебі бойынша Пфайзер вакцинасына 594 оқушы жоспарланған, 7 оқушы вакцина алды. Мұғалімдер саны-125 барлығы жылына 1 рет мед тексерілістен өтіп отыр. 100 мұғалім ковид вакцинасын алған. 15 –інде декреттік демалыс, 10-қарсылық көрсетілімдері бар. Ревакцинацияда 36 мұғалім жоспарланған, 24-і ревакцинацияланды. Мектепте мұғалімдер мен кіші қызметкерлер арасында және оқушылар арасында жеке өндірістік гигиена қағидаларын сақтау және олардың мұлтіксіз орындалуын бақылау қажеттілігі туралы нұсқама жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Коранавирустық инфекцияның алдын алу үшін эпидемияға қарсы профилактикалық іс шаралар өткізіліп тұрады. Мерзімді тазалау, кварцтеу, мұқият тазхалау жұмыстары қадағаланып отырады. Антисептик, сұйық сабын, қағаз сұлгі т.б. мектепте жеткілікті корда. Мектеп дәліздері, сынып кабинеттері дозатор санитайзар мен, педальді шелекпен, қағаз сұлгі, антисептик, сұйық сабынмен жабдықталған. Маска тағу режимі ара қашықтық сақтау талабы қадағаланады. Профилактикалық екпелер жұмысы жоспар бойынша, кезең кезеңімен өткізіледі. 1-сынып оқушыларына Манту сынамасы-143 оқушыға жүргізілді. 32 оқушының Манту сынамасы “оң нәтиже” көрсетіп, фтизиатр дәрігедін “Д”есебіне алынды. 3 оқушы – хим. профилактикалық препараттармен ем алуша .52 оқушы-туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасын алды. “Қатерлі” топ жоспарында тұрған 50 оқушыға Манту жүргізіліп, 6 оқушыдан Манту сынамасы “оң” нәтиже көрсетіп, фтизиатр есебіне тіркелді. 10-11сынып жасөспірімдері флюорографиялық тексерілістен өтті. Техникалық қызметкерлер барлығы -37. Ковид вакцинасын алғандар-29,5-еуі қарсы көрсетілімдері бар, 3-еуі декреттік демалыста. Мектеп

оқушылары мен қызметкерлердің денсаулығы үнемі бақылауда, ауырып қалған жағдайда медициналық жедел көмек көрсетіледі. Мед кабинет алғашқы көмек көрсету үшін дәрі дәрмекпен, құрал жабдықтармен жабдықталған.


2021 жылдың қыркүйек айында мектебімізде білім алушыларға жасалынған жағдайлармен танысу және құқықтарының сақталу мақсатында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты 8-11 сынып оқушыларын жалпы балалар мен жасөспірімдердің құқықтарымен таныстырып, олардың пікірлерімен алмасу әрі қоғамдағы орын алатын зорлық-зомбылық түрлері туралы ақпарат беру. 8-11 сынып оқушыларымен бірге буллинг және кибербуллинг тақырыбында мағлұматтар беріліп, зорлық-зомбылықтың алдын алуудың жолдары таныстырылды. Сонымен қатар, бала және жасөспірім мұдделерінің сақталуы туралы сауалдар қойылып, пікір алмасты. Дөңгелек үстелде жогары сынып оқушыларының назарына психологиялық кенестер ұсынылды. Мектеп оқушыларына «Сенім жәшігі» туралы ақпарат беріліп, «Сенім телефондары» ұсынылды.

Шешім қабылданды:

1. Жалпы білім беру үйімінің материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру жұмыстарын жандандыру.
2. Демеушілерді мектепке тарту және олармен тығыз жұмыс жасай отырып, мұқтаж балаларға жәрдемдесуге жұмылдыру.
3. Мектепте инфекцияға қарсы профилактикалық жұмыстардың уақытылы өткізіліп тұруын қадағалау.

1. Тобжанова Салтанат мүше 
2. Бақтыгереева Анаргүл-мүше 
3. Койбакова Сандугаш-мүше 
4. Сарсенов Рафик-мүше 
5. Катешова Ағиба-мүше 
6. Сактанов Ерлан-мүше 
7. Ботагариеva Гулшат-мүше 
8. Ахметова Айнагул-мүше 

ҚҚ төрайымы:



А.Баємирова

ҚҚ хатшысы:



А.Кадыржанова